

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ
Химиялық және биологиялық технологиялар институты

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРИЯ ІСІ

«7М07109-Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы»
(профильдік бағыт (1,5 жыл))

білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі

ҚР 2018 жылғы жоғары оқу орнынан кейінгі ББМЖМС сәйкес
1-ші басылым

Алматы 2020

Өзірленген: ХжБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 1 из 30
----------------------------	--	--	-------------

Бағдарлама келесі тараптармен әзірленді және қол қойылды:

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нен:

1. ПжОЗХТ кафедра меңгерушісі Елигбаева Г.Ж. Елигбаева Г.Ж.
2. ХЖБТ Институт директоры Туйебахова З.К. Туйебахова З.К.

Жұмыс берушілерден:

1. «Organic» мұнай өнімдерін сараптаудың тәуелсіз орталығы» ЖШС, Директоры А.А. Калмуратова



Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Оқу әдістемелік кеңесі отырысында бекітілген. Хаттама №3 19.12.2019 ж.

Квалификация:

- 7 деңгей – Ұлттық квалификация шеңберінде
- 7М071 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы
- 7МВ07 – Инженерия және инженерлік іс (магистр)

Кәсіби құзыреттері: ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін меңгеру, ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу нәтижелері негізінде ғылыми зерттеулердің міндеттерін қою және тұжырымдау, ғылыми-техникалық ақпаратты өңдеу және талдау, техникалық-экономикалық және экологиялық талаптарды ескере отырып мұнайхимиялық өнімдерді жасау кезінде жаңа техникалық және технологиялық шешімдерді әзірлеу, орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру, әртүрлі пікірлер жағдайында басқарушылық шешімдерді қабылдау, қазіргі заманғы ЖОО-да оқытудың интерактивті нысандары мен инновациялық әдістерін қолдану.

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды:Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет2 из 30
----------------------------	---	--	------------

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы

1. Мақсаттары:

- түлектерге химиялық материалдардың қазіргі заманғы өндірісі аймағында өз бетінше өндірістік – технологиялық және эксперименттік зерттеу міндеттерін қоюға және шешуге мүмкіндік беретін жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттерді қалыптастыру;

- мұнай-химиялық процестер мен мұнай-химия өнімдерінің өндірісін ұйымдастыру мен басқарудың заманауи әдістерін меңгерген, басқарушылық міндеттерді шешуге қабілетті және қабылданған шешімдерге жауап бере алатын мамандарды даярлау;

- көшбасшылық қабілетті, өз білімін жетілдіру қасиетіне ие, кәсіби деңгейде шет тілін меңгерген магистрларды даярлау.

2. Еңбек қызметінің түрлері.

7M071 – "Инженерия және инженерлік іс" дайындаудың кәсіби бағыты бойынша "Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы" білім беру бағдарламасының түлегі кәсіби қызметтің келесі түрлеріне дайындалады:

- өндірістік;
- жобалық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық.

3. Кәсіби қызмет нысандары: көмірсутекті қосылыстар мен материалда; заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерін анықтау және зерттеу әдістері мен құралдары; көмірсутекті қосылыстар мен материалды алудың технологиялық процестері мен өнеркәсіптік жүйелері, сондай-ақ оларды басқару және реттеу жүйелері.

Кәсіби қызмет пәндері: әртүрлі саладағы мұнай-химиялық кәсіпорындар және өндірістер, зерттеу және инжинирингтік компаниялары, ғылыми-зерттеу және жобалау салалық институттары; ғылыми-зерттеу зертханалары.

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 3 из 30
----------------------------	--	--	-------------

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРДАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1 Бағдарламаның көлемі мен мазмұны

Магистратурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттер көлемімен анықталады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және магистр дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып саналады. Профильді магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 90 академиялық кредит, үлгілік оқу мерзімі 1,5 жыл. Білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды жоғары оқу орны мен ғылыми ұйым оқытудың кредиттік технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады. Профильдік бағыт бойынша магистратура терең кәсіби даярлығы бар, басқарушылық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны төмендегілерден тұрады:

- 1) базалық және бейінді пәндер циклдерін оқытуды қамтитын теориялық оқыту;
- 2) магистранттарды практикалық даярлау: практиканың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдаманың әр түрлі түрлері;
- 3) магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы – профильді магистратура үшін;
- 4) қорытынды аттестаттау.

Білім беру бағдарламасын әзірлеуге арналған нормативтік құжаттар

Осы білім беру бағдарламасын әзірлеудің нормативтік құқықтық базасын құрайды:

- 04.07.18 ж. № 171-VI ЖОО дербестігі және дербестігін арттыру бойынша заңнамалық өзгерістер шеңберіндегі өзгерістер мен толықтырулармен "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 4 из 30
----------------------------	--	--	-------------

- "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 04.07.18 ж. №171-VI;

- "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.18 жылғы № 595 бұйрығы»;

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.18 ж. №604 бұйрығына 8-қосымша);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығы бойынша білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау ережесін №601 31.10.18 ж. бекіту туралы;

- Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ректоры бекіткен 2019-2020 жылдарға арналған "Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы" білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары;

- Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде білім беру үрдісін ұйымдастыру бойынша СМЖ-нің құжаттары (Сапа Менеджмент Жүйесі).

БББ мазмұны: "Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы" білім беру бағдарламасы 7M071 – Инженерия және инженерлік іс оқудың 1,5 жылдық дайындау бағыты бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да жүзеге асырылады. Ол химиялық инженерия және химиялық материалдар өндірісі саласындағы білім беру процесінің мақсатын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын және іске асырылуын регламенттейтін құжаттама жүйесін ұсынады.

БББ бітірушінің терең білім, негізгі дағдылар мен іскерліктер алуын және олардың мұнай-химиялық инженерия және химиялық материалдар өндірісі саласында одан әрі дами алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл БББ 7M071 – Инженерия және инженерлік іс (магистр) бірыңғай білім беру бағыты шеңбері негізінде, магистрантқа негізгі білім беру бағдарламасына байланысты нақты мамандануды таңдау мүмкіндігін есепке ала отырып және ол маманданудың ерекшелігін көрсететін жеке құзыреттері бар тиісті білім беру траекториясын ескере отырып құрылған.

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет5 из 30
----------------------------	--	--	------------

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

7M071 – Инженерия және инженерлік іс дайындау бағыты бойынша магистр "Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы" ББ бағытына және кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келесі кәсіби міндеттерді шешуге дайын болуы тиіс:

1. Жобалау қызметі

- мұнай-химиялық-технологиялық процестің материалдық және жылу баланстарын есептеу;
- процестің аппаратуралық-технологиялық сызбасын құру;
- негізгі және қосалқы жабдықтардың негізгі конструкциялық және технологиялық параметрлерін есептеу;
- жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың сызбаларын жасау немесе таңдау;
- химия-технологиялық үрдістердің имитациялық моделін әзірлеу.

2. Өндірістік қызмет

- жаңа заттар мен материалдарды алудың химиялық-технологиялық процестерін әзірлеу;
- процестің негізгі параметрлері мен көрсеткіштерін негіздей отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістердің технологиялық сызбаларын жетілдіру;
- өндірісті техникалық талдау және бақылау, процестерді басқару және технологияны оңтайландыру дағдыларын меңгеру;
- қолданыстағы стандарттар негізінде дайын өнімнің нақты түрлеріне қойылатын техникалық талаптарды қалыптастыра білу, оларды тестілеудің қазіргі заманғы әдістерін меңгеру, кәсіби қызметте мемлекеттік және халықаралық стандарттарды қолдана білу;
- мұнайхимия-технологиялық жобаның бизнес-жоспарын құру;
- қызмет саласында инновацияларды қолдану, химиялық материалдарды өндіру саласында энергия және ресурс үнемдеуші технологияларды әзірлеу;
- мұнай-химиялық бейіндегі кәсіпорындар үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды әзірлеу.

3. Ұйымдастыру-басқару қызметі.

- өндірісті, еңбекті және басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет6 из 30
----------------------------	--	--	------------

асыру;

- нормативтік құжаттарға сәйкес өндірісті ұйымдастыру бойынша іс-шараларды орындау;
- қажетті құжаттаманы әзірлеу және жасау;
- ұжым қызметін ұйымдастыру, жұмыс жоспарын құру және өндірістік міндеттерді қою.
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу, тапсырмалардың орындалуын бақылау.

2 Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

Талапкерлердің алдыңғы білім деңгейі (бірінші цикл) – жоғары кәсіби білім (бакалавриат). Үміткердің белгіленген үлгідегі дипломы болуы қажет және ағылшын тілін білу деңгейін сертификатпен немесе белгіленген үлгідегі дипломдармен растауы тиіс.

Магистратураға азаматтарды қабылдау тәртібі "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелеріне" сәйкес белгіленеді. Магистранттар контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекет мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес, егер олар осы деңгейдегі білімді алғаш рет алатын болса, конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығын беруді қамтамасыз етеді.

"Кіруде" магистранттың магистратураның тиісті білім беру бағдарламасын меңгеру үшін қажетті барлық пререквизиттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары оқу орны өз бетінше анықтайды.

Қажетті пререквизиттері болмаған жағдайда магистрантқа оларды ақылы негізде меңгеруге рұқсат етіледі.

3 Оқуды аяқтауға және диплом алуға қойылатын талаптар

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 7 из 30
----------------------------	--	--	-------------

Берілетін дәреже/біліктілік: "Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы" білім беру бағдарламасының түлегіне бейіндік бағыт бойынша "техника және технологиялар магистрі" академиялық дәрежесі беріледі.

Бейіндік магистратура бағдарламасын меңгерген түлек келесі жалпы кәсіби құзыреттілікке ие болуы тиіс:

- кәсіби қызметте жаңа білімдер мен білімдерді өз бетімен алуға, ұғынуға, құрылымдауға және пайдалануға, өзінің инновациялық қабілеттерін дамытуға қабілетті;
- зерттеу мақсатын өз бетінше тұжырымдауға, кәсіби міндеттерді шешу ретін белгілеуге қабілетті;
- магистратура бағдарламасының бағыттылығын (профилін) анықтайтын пәндердің іргелі және қолданбалы бөлімдерін білуді практикада қолдану қабілеті;
- тәжірибелік және тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін заманауи ғылыми және техникалық жабдықтарды кәсіби таңдау және шығармашылықпен пайдалану қабілеті;
- өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін сыни талдау, ұсыну, қорғау, талқылау және тарату қабілеті;
- ғылыми-техникалық құжаттарды, шолуларды, баяндамаларды және мақалаларды құрастыру және рәсімдеу дағдыларын меңгеру;
- әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдай отырып, өзінің кәсіби қызметі саласында ұжымды басқаруға дайын болу;
- кәсіби қызмет міндеттерін шешу үшін шетел тілінде ауызша және жазбаша түрде коммуникацияға дайын болу.

Магистратура бағдарламасын меңгерген түлек магистратура бағдарламасы бағытталған кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек:

өндірістік қызмет:

- практикалық тапсырмаларды шешу кезінде өндірістік, далалық және зертханалық және интерпретациялық жұмыстарды өз бетінше жүргізу қабілеті;
- магистратураның игерілген бағдарламасы аясында қазіргі заманғы далалық және зертханалық жабдықтар мен аспаптарды кәсіби пайдалану қабілеті;
- өндірістік есептерді шешу үшін кешенді ақпаратты өңдеу және интерпретациялаудың заманауи әдістерін қолдану қабілеті;

жобалау қызметі:

<p>Өзірленген: ХЖБТ институті</p>	<p>Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі</p>	<p>Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі</p>	<p>Бет8 из 30</p>
--	--	--	-------------------

- ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік жұмыстардың жобаларын өз бетінше құру және ұсыну қабілеті;
- кәсіби міндеттерді шешуде кешенді ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік жұмыстарды жобалауға дайындықпен;
ұйымдастыру-басқару қызметі:
- кәсіби міндеттерді шешуде ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік жұмыстарды ұйымдастыру мен басқарудың практикалық дағдыларын пайдалануға дайын болу;
- ғылыми-өндірістік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде нормативтік құжаттарды практикалық пайдалануға дайын болу.

Магистратура бағдарламасын әзірлеу кезінде барлық жалпы мәдени және жалпы кәсіби құзыреттер, сондай-ақ магистратура бағдарламасы бағытталған кәсіби қызмет түрлеріне жатқызылған кәсіби құзыреттер магистратура бағдарламасын меңгерудің талап етілетін нәтижелерінің жиынтығына енгізіледі.

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды:Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет9 из 30
----------------------------	---	--	------------

4 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары «Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы»

4.1. Оқу мерзімі: 1,5 жыл

Оқу жылы	Код	Пән атауы	Компонент	Кредиттер		Дәріс/лб/пр	Пререквизиттер	Код	Пән атауы	Компонент	Кредиттер		Дәріс/лб/пр	Оқу жылы
				ECTS	РК						ECTS	РК		
1	1 семестр							2 семестр						
	LNG205	Шет тілі (кәсіби)	БП ЖК	5	3	0/0/3		CHE268	Химмотология нефтепродуктов	ПП ЖК	5	3	2/0/1	
	MNG230	Жобалауменеджменты (Менеджмент + Басқару при психологиясы)	БП ЖК	3	2	1/0/1		CHE264	Мұнай өндірісінің гетеролитті және гомолитті процесінің технологиясы	ППЖК	5	3	2/0/1	
		Таңдау бойынша компонент	БД КВ	5	3				Таңдау бойынша компонент	ППТК	5	3		
		Таңдау бойынша компонент	БД КВ	4	2				Таңдау бойынша компонент	ППТК	5	2		
		Таңдау бойынша компонент	ПД КВ	5	3				Таңдау бойынша компонент	ППТК	5	2		
		Таңдау бойынша компонент	ПД КВ	5	3				Магистранттың Эксперименталды-зерттеу жұмысы	МЭЗЖ	6	2		
		Магистранттың Эксперименталды-зерттеу жұмысы	МЭЗЖ	6	4									
		Барлығы:		33	20				Барлығы:		31	19		
2	3 семестр													
		Магистранттың Эксперименталды-зерттеу жұмысы	МЭЗЖ	6	4									
		Өндірістік практика	ПП	10	6									
	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және корғау (МДРЖК)	ҚА	12	7										

Әзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 10 из 30
-----------------------------------	---	---	--------------

	Барлығы:		28	17	
	Барлығы:		92	56	

2. Элективті пәндердің каталогы

Білім беру бағдарлама «Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы»

Оқу мерзімі: 1,5 жыл

Таңдау бойынша компонент					
	код	Пән атауы	Кредиты	Дәр/лб/пр	Семестр
БПтаңдау бойынша компонент - 9 кредит					
	CHE282	*Мұнай өңдеу және мұнай өндіру процестеріндегі химиялық реагенттер	3	1/2/0	1
	CHE230	*Газ өңдеудің технологиялық үрдістері	2	1/0/1	
ІІІ таңдау бойынша компонент - 16 кредит					
	CHE272	*Көп тоннажды химиялық өндірістерің реакторлары	3	2/0/1	1
	CHE254	Мұнай-химиялық өндірістерді компьютерлік модельдеу	3	0/3/0	
	CHE188	Қатты жанғыш қазбалардың химиялық технологиясы	2	1/0/1	2
	CHE706	Мұнайхимия өндірісі қалдықтарын утильдеу проблемасы	3	2/0/1	
	CHE280	Полиолефиндердің өндіріс және өңдеу технологиясы	2	1/0/1	
		Барлығы::	13		

* Пәнаралық пәндер

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті Ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 11 из 30
----------------------------	--	--	--------------

5 Білімі, дағдылары, қабілеттері және құзыреттілік деңгейі мен көлемі туралы дескрипторлар

Магистранттың біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің (магистратура) екінші деңгейлі Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және қол жеткізілген білім беру нәтижелері бойынша келтірілген біліктіліктерін көрсетеді.

Оқу нәтижелері магистратураның білім беру бағдарламасының барлық деңгейінде де, жеке модульдер немесе академиялық пәндер деңгейінде де қалыптасады.

Дескрипторлар білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелерін көрсетеді:

1) ғылыми-зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеуде және (немесе) қолдануда мұнай және газ химиялық ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы біліміне негізделген мұнай-химиялық заттар мен материалдардың химиялық процестері мен өндірісі саласында білім мен түсінушілікті көрсету;

2) өздерінің білімін, түсінігін және жаңа ортада проблемаларды кәсіптік деңгейде шешуге қабілеттілігін кеңірек пәнаралық контексте қолдану;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастардың негізінде пікір қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;

4) мамандарға да, маман еместерге де ақпарат, идеялар, тұжырымдар, проблемалар мен шешімдерді нақты және анық түрде жеткізу;

5) химиялық инженерия және инженерлік іс саласында қосымша білім алуды өздігінен жалғастыруға қажетті оқыту дағдыларын көрсету.

6 Оқуды аяқтағандағы біліктілік:

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 12 из 30
----------------------------	--	--	--------------

6.1 *Кәсіптік магистратура* түлектерінің негізгі құзыреттеріне қойылатын талаптар.

Түлек міндетті:

1) *көзқарасы болу керек:*

- ғылыми танымды дамытудың заманауи қарқыны туралы;
- жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдардың өзекті әдістемелік және философиялық мәселелері туралы;
- жаһандану процестерінің қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары;

2) *білуі керек:*

- экономиканың құрылымындағы өзгерістердің негізгі қозғаушы күштерін;
- инвестициялық ынтымақтастықтың ерекшеліктері мен ережелерін;
- ғылыми-практикалық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретін кәсіби деңгейде кем дегенде бір шет тілін білуі.

3) *іскелігі:*

- процестер мен құбылыстарды талдауда қолданыстағы ұғымдарға, теориялар және тәсілдерге сын көзімен қарау;
- әртүрлі пәндерден алған білімдерін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу мәселелерін шешуге интеграциялау;
- кәсіпорынның шаруашылық қызметінің микроэкономикалық талдауын жүргізе білу және оның нәтижелерін кәсіпорын басқаруға пайдалана алу;
- маркетингті және менеджментті ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қолдану;
- кәсіпорынның (ұйымның) шаруашылық қызметін ұйымдастыру және басқару саласындағы күрделі және стандартты емес жағдайларда шешімдер қабылдау;
- Қазақстан Республикасының экономикалық қатынастарды реттеу саласындағы заңнамасының нормаларын іске асыру;
- заманауи ақпараттық технологияларды тарту арқылы ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды жүргізу;
- креативты ойлап, жаңа мәселелер мен жағдайларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау;

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 13 из 30
----------------------------	--	--	--------------

• диссертация, ғылыми мақала, баяндама, аналитикалық жазба және т.б. түрінде экспериментальды-зерттеу және аналитикалық жұмыстың нәтижелерін қорытындылау;

4) дағдылары болуы керек:

- оқу процесіне заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;
- стандартты ғылыми және кәсіби міндеттерді шешу;
- ұйымдар мен кәсіпорындардың шаруашылық қызметін ұйымдастыру мен басқарудағы практикалық мәселелерді ғылыми талдау және шешу;
- менеджмент және маркетинг саласындағы зерттеу проблемаларды зерттеу және кәсіпорындарды басқару әдістерін жетілдіру үшін алынған нәтижелерді пайдалану;
- кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық коммуникация;
- шешендік, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық түрде келтіре білу;
- күнделікті кәсіби қызметінде және докторантурада үздіксіз білім алуға қажетті білімін кеңейту және тереңдету.

5) құзыретті болуы тиіс:

- әдістемелік саласында, мамандық бойынша зерттеулерде;
- дүниежүзілік экономиканың заманауи мәселелері және ұлттық экономикалардың әлемдік экономикалық процестерге қатысуы салаларында;
- кәсіпорынды ұйымдастыру мен басқаруда;
- әртүрлі ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік қатынастарды жүзеге асыруда;
- білімді үнемі жаңартып, кәсіби дағдылар мен қабілеттерін кеңейту жолдарында.

Б –Базалық білімдер, істей алуы және дағдылар

Б1 –ғылыми әдістерді кәсіби қызметінде қолдану мүмкіндігі;

Б2 – кәсіпорынның экономикалық-іс-әрекетінің микроэкономикалық талдауын жүргізу және оның нәтижелерін кәсіпорын басшылығына пайдалану мүмкіндігі;

Б3 – маркетинг пен менеджментті ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қолдануға қабілетті.

II – Кәсіби құзыреттілік:

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 14 из 30
----------------------------	--	--	--------------

П1 – заманауи ақпараттық технологияларды тарту арқылы ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты өздігінен жүзеге асыруға қабілеті;

П2 – жаңа жағдайлардағы аналитикалық және басқарушылық тапсырмаларды шешу үшін түрлі пәндерде жинақталған білімдерін пайдалану мүмкіндігі;

П3 – өндірісті техникалық талдау және бақылау, процестерді басқару және технологияларды оңтайландыру, іс-әрекет саласындағы инновацияларды қолдану, өндірістің қауіпсіз еңбек жағдайларын және өндірістің экологиялық стандарттарын қамтамасыз ету дағдыларын меңгеру;

П4 – экономикалық қатынастарды реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын іс жүзінде кәсіби қолдану мүмкіндігі;

П5 – әртүрлі ұйымдармен, соның ішінде Мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік қатынастарды жүргізуге дайындығы;

П6 – химия саласындағы кәсіпорынның іс әрекеттерін ұйымдастыру және басқару, және қабылданған шешімдер үшін жауап бере алу қабілеті, көшбасшылық қасиеттерге ие болуы, командамен жұмыс істей алуы, өзінің кәсіби қызметінде жаңа жағдайларға бейімделе алу;

П6 – стандартты ғылыми және кәсіби міндеттерді шешу, кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық коммуникация дағдылары.

О – Жалпы адамзаттық, әлеуметтік-этикалық құзыреттіліктер

О1 – қазіргі әлеуметтік және саяси проблемаларды білу;

О2 – мәдениетаралық айырмашылықтарды қабылдау қабілеті, этикалық нормалар мен ережелерді сақтау және қолдау қабілеті;

О3 – шет тілінде коммуникативтік дағдылары, халықаралық контексте жұмыс істеу қабілеті;

С – Арнайы және басқару құзыреттіліктері:

С1 – жұмыс ұжымын басқаруға және өнеркәсіптік қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қабілеті;

С2 – инновациялық, энергия-ресурстарын үнемдейтін және химиялық материалдардың экологиялық қауыпсіз өндірісін дамыту үшін алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибенің өзекті теориялық және технологиялық жетістіктерін игеруі;

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 15 из 30
----------------------------	--	--	--------------

С3 – стандартты емес жағдайларда әрекет етуге дайындық, қабылданған шешімдерге әлеуметтік және этикалық жауапты болу.

6.2 Кәсіптік магистратурада магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар.

Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы:

1) магистерлік диссертация орындалып, қорғалатын магистрлік білім беру бағдарламасының бағытына сай болу керек;

2) ғылымның, технологияның және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделген, және нақты практикалық ұсыныстары, басқарушылық тапсырмалардың дербес шешімдері болуы керек;

3) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы орындалуы керек;

4) заманауи ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану арқылы орындалуы керек;

5) негізгі қорғалатын бағыттары бойынша экспериментальды-зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) тараулары болу керек;

6.3 Практиканы ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

Кәсіби магистратураның білім беру бағдарламасында ПД циклында өндірістік практика қарастырылады.

ПД цикліндегі өндірістік практика оқу барысында жинақталған теориялық білімдерді нығайту, магистрлік білім беру бағдарламасы бойынша тәжірибелік дағдыларды, құзыреттілік пен кәсіптік тәжірибені алу, сондай-ақ озық тәжірибені дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

7 ECTS стандарты бойынша дипломға қосымша

Қосымша Еуропалық Комиссияның, Еуропа Кеңесінің және ЮНЕСКО / CEPES стандарттарына сәйкес әзірленген. Бұл құжат академиялық тану үшін ғана пайдаланылады да, білім беру құжатының ресми дәлелі болып табылмайды. Жоғары білім туралы дипломы болмаса, жарамсыз. Еуропалық қосымшаны толтырудың мақсаты дипломның иесі, оның алған біліктілігі, біліктілігінің деңгейі, оқу бағдарламасының мазмұны, нәтижелері, біліктіліктің функционалды мақсаты және ұлттық білім беру жүйесі туралы ақпаратты жеткілікті түрде камтамасыз ету болып табылады. Бағаларды аударуға арналған

Өзірленген: ХЖБТ институті	Қаралды: Химиялық және биологиялық технологиялар институты Ғылыми кеңесінің шешімі	Бекітілген: Сәтбаев университеті ғылыми кеңесінің шешімі	Бет 16 из 30
----------------------------	--	--	--------------

қолданбалы модельде еуропалық трансферттер немесе кредит беру жүйесі (ECTS) пайдаланған.

Еуропалық диплом қосымшасы шетелдік университеттерде білім алуды жалғастыруға, сондай-ақ шетелдік жұмыс берушілерге ұлттық жоғары білім беруді растауға мүмкіндік береді. Шетелге шығарда кәсіби тану үшін білім туралы дипломды қосымша заңдастыру қажет. Еуропалық диплом қосымшасы жеке сұраныс бойынша ағылшын тілінде толтырылады және тегін беріледі.

ШЕТ ТІЛІ (КӘСІБИ БАҒЫТТАҒЫ)

КОД – LNG205

КРЕДИТ – 3 (0/0/3)

ПРЕРЕКВИЗИТ – Academic English, Business English, IELTS 5.0-5.5

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бұл курстың арқасында арнайы терминологияны үйреніп, арнайы әдебиеттерді оқиалады, кәсіби қызметте шет тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау үшін қажетті білімді меңгереді.

КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

